

**"2023 – 2025 жылдарға арналған Жаңадария ауылдық округінің бюджеті туралы"  
Жалағаш аудандық мәслихатының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 31-8 шешіміне  
өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 6 маусымдағы № 3-8 шешімі. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

Жалағаш аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "2023–2025 жылдарға арналған Жаңадария ауылдық округінің бюджеті туралы" Жалағаш аудандық мәслихатының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 31-8 шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2023 – 2025 жылдарға арналған Жаңадария ауылдық округінің бюджеті осы шешімнің тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2023 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 66 874 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 1 113 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;

трансферттер түсімдері – 65 761 мың теңге;

2) шығындар – 67 290,7 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -416,7 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 416,7 мың теңге;

қарыздар түсімі – 0;

қарыздарды өтеу – 0;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 416,7 мың теңге."

мынадай мазмұндағы 1-1 -тармақпен толықтырылсын:

"1-1. 2022 жылғы бюджет қаражатының қалдықтары есебінен, 2022 жылы бөлінген нысаналы трансферттердің пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) сомалар

бойынша облыстық бюджеттен бөлінген қаржыдан 0,1 теңге аудандық бюджетке қайтарылғаны ескерілсін."

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш аудандық мәслихатының төрағасы

У.Елеусинов

Жалағаш аудандық мәслихатының  
2023 жылғы 06 маусымдағы

№ 3-8 шешіміне қосымша

Жалағаш аудандық мәслихатының  
2022 жылғы 27 желтоқсандағы

№ 31-8 шешіміне 1-қосымша

## 2023 жылға арналған Жаңадария ауылдық округінің бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
Сыныбы				
		Кіші сыныбы	Атауы	
			Кірістер	66874
1			Салықтық түсімдер	1113
	1		Табыс салығы	44
		2	Жеке табыс салығы	44
	04		Меншікке салынатын салықтар	1069
		1	Мүлікке салынатын салықтар	20
		3	Жер салығы	28
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1021
2			Салықтық емес түсімдер	0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
			Мемлекеттік мекемелерге	

		1	бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
4			Трансферттердің түсімдері	65761
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғарғы тұрған органдарынан түсетін трансферттер	65761
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	65761
Функционалдық топ				Сомасы, мың тенге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
Атауы				
			Шығындар	67290,7
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	31430,6
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	31430,6
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	29230,6
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1000
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің және ұйымдардың күрделі шығыстары	1200
05			Денсаулық сақтау	45
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	45

		002	Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру	45
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	11000
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	11000
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1200
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1000
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	8800
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	19115
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	19115
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	19115
12			Көлік және коммуникация	3500
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3500
		045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	3500

13			Басқалар	2200
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2200
		040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	2200
15			Трансферттер	0,1
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,1
		048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,1
			Бюджет тапшылығы (профициті)	-416,7
			Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(416,7
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	416,7
	1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	416,7

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК